

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамның білім саласындағы өзекті мәселесі - әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейім және өзі өмір сүріп жатқан қоғамды өзгертетін тұлға қалыптастыру. Қоғамда өмір сүруге бейім тұлға шығармашыл, интеллектісі жоғары, белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі мол, ой-өрісі кең, терең білімді, кәсіби сауатты болуы тиіс.

Біз бүгінгі күні әлемдік білім беру жүйесіне негізделген басым бағыттарды ұстануда ең алдымен мұғалімдерді жаңаша оқытуға бағыттауымыз қажет. Дамыған елдерді білім беру жүйесіндегі тенденциялардың бірі - білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы. Білім саласында еңбек ететін адамдардың басқару мәдениеті, олардың кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады.

Білім беру жүйелерін басқару теориясының міндеті - білім беру саласындағы басқарудың заңдылықтарын анықтау, білім беру үдерісін басқару ғылымы тұрғысынан түсіну.

Қазіргі білім беруді басқарудың әртүрлі деңгейлері - білім беру жүйесін басқару, білім беру мекемесін басқару, білім беру бағдарламасын басқару, жеке оқу процесін басқару басқарудың әртүрлі функциялары мен әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, екі ғылыми тұжырым білім беруді басқаруда бір-бірімен тығыз байланысты болуы керек: дидактикалық заңдар мен принциптердің негізінде жоспарланған білім беру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін педагогикалық және нақты білім беру мекемесінде оларды сапалы жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған басқарушылық.

Бүгінгі таңда білім беру менеджменті халықаралық білім саласы ретінде уақыттың қиындықтарына жауап

беретін және тез шешілуі керек көптеген мәселелерге тап болды. Олардың біріншісіне білім беру менеджментінің міндеттерін шешу үшін лауазымды тұлғаны таңдау мәселесін жатқызуға болады: ол педагогикалық білімі бар немесе басқарушылық білімі бар маман болуы керек пе? Білім беру саласының үздіксіз модернизациясына байланысты отандық білім беруді басқарудың тағы бір проблемасы басқарудың барлық деңгейлерінде жедел реакцияны қажет ететін нормативтік-құқықтық базадағы өзгерістердің жоғары динамикасы болып табылады.

Дегенмен, мемлекет жариялаған білім беруді дамытудың көптеген бағыттары (әсіресе жоғары) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданумен байланысты. Оқу орнын техникалық модернизациялау ғана емес, университетте болып жатқан барлық жұмыс процестерін технологиялық қайта құру, қызметкерлерді техникалық және технологиялық модернизацияға белсенді қатысуға ынталандыру шараларын әзірлеу, болып жатқан өзгерістерге қатаң бақылау қажет. Бұл процестердің тиімділігі менеджерлердің тиісті құзыреттілігіне байланысты. Білім беру мекемесінің қызметін технологияландырумен, сондай-ақ ЖОО-ға сапа менеджменті жүйесін енгізу, ИСО халықаралық стандарттарының қағидаттарына сүйену және тәуекелге бағдарланған ойлау процесі де байланысты. Бұл мәселелерді шешудің жолдары, ең алдымен, көшбасшылық көшбасшылығына, әр менеджердің осы өзгерістердің қажеттілігі мен маңыздылығын түсінуіне, инновациялардың өзектілігін барлық профессорлық-оқытушылық құрамға және басқа мамандарға жеткізе білуіне, сапа менеджменті жүйесін енгізудің қиын процестерін басқаруға дайын болуына және жағымсыз психологиялық салдарға байланысты. Білім беру мекемелерінің көптеген басшыларының осы процестерге

енуге дайын еместігі білім беру саласына сапа менеджменті жүйесін баяу енгізудің себебі болып табылады.

Сонымен, жалпы білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру оны басқару тетіктерін жаңғыртусыз мүмкін емес. Бұл ретте білім беру жүйесінің әкімшілік-басқару персоналын даярлау жалпы бейіндегі кәсіби менеджерлерді даярлаудан өзгеше болуы тиіс. Оның негізіне басқарудың инновациялық технологияларын ғана емес, сонымен қатар қоғам үшін білім берудің ерекше рөлін және білім беру саласындағы басқарушылық қызметтің ерекшелігін түсіну қажет.

Білім саласындағы басқарушы қызметті жетілдірудің негізгі беталыстары оның мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға көшуімен байланысты. Сонда басқарушы қызметтердің бірқатары мемлекеттік биліктен педагогтарға, оқушылар мен олардың ата-аналарының, қоғамдық өкілдерден және басқалардан тұратын қоғамдық ұйымдарға тапсырылады.

«Білім беру жүйесін басқару» пәннің теориялық мәселелерін оқып-меңгеру бұл студенттердің бойында келесі іскерліктерді қалыптастыруға ықпал етеді: білім беру мекемелерінің қызметін белгіленген мақсаттарға бағдарлау; жоспарлау, білім беру мекемелерінің жұмысын ұйымдастыру және оның орындалу сапасын талдау; оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдау; жаңа ақпараттық технологияларды қолдану; кәсіби білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің алдыңғы қатарлы педагогикалық, ғылыми, ұйымдастырушылық және басқарушылық озық тәжірибелерді қорытындылау және енгізу.